# Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2017 2021 жылдарға арналған Стратегиялық жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 28 желтоқсандағы № 571 бұйрығы.

---

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 62-бабына және Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарын, Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың болжамды схемасын, мемлекеттік бағдарламаларды, аумақтарды дамыту бағдарламаларын, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын әзірлеу, іске асыру, мониторинг, бағалау және бақылау жүргізу Қағидаларының 154-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 4 наурыздағы № 931 Жарлығымен бекітілген **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігінің 2017 – 2021 жылдарға арналған Стратегиялық жоспары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің құрылымдық бөлімшелері мен ведомстваларының басшылары:

1) жылсайын 20 қаңтардан кешіктірмей Стратегиляқ жоспарлау және талдау департаментіне Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігінің 2017 – 2021 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарын іске асыру барысы туралы ақпаратты берсін;

2) Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2017 – 2021 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарда қарастырылған іс шараларды тиесінше және уақытылы қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Стратегиялық жоспарлау және талдау департаменті жылсайын 20 ақпаннан кешіктірмей стратегиялық жоспарды іске асыру туралы есепті дайындап менің қолымды қойғызғаннан кейін оны веб-порталға орналастыру еңгізу қажет (құпия сипаттағы ақпараттар мен қызметтік пайдалануға арналған ақпаратты қоспағанда).

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы бұйрық соңғы келісетін мемелекеттік

органның қолы қойылған сәттен бастап күшіне енеді және ресми жариялануға жатады.

*Қазақстан Республикасының Энергетика министрі Қ. Бозымбаев*

КЕЛІСІЛГЕН:
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
____________________

КЕЛІСІЛГЕН:
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
____________________

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 28 желтоқсандағы № 571 бұйрығына қосымша

## Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2017 – 2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

*Ескерту. Стратегиялық жоспар жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 29.12.2017 № 490 бұйрығымен.*

### 1-бөлім. Миссиясы және пайымы

**Миссиясы:** бәсекеге қабілеттіліктің, энергетикалық қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ету мақсатында отын-энергетика кешенін дамыту, энергия көзіне деген экономиканың өсіп отырған қажеттілігін қамтамасыз ету, оларды тиімді пайдалануға бағытталған ғылыми-технологиялық әлеуетті дамыту, сондай-ақ қазіргі және болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қоршаған ортаны сақтау, қалпына келтіру және сапасын жақсарту, Қазақстан Республикасының төмен көміртекті дамуға және "жасыл экономикаға" көшуін қамтамасыз ету бойынша жағдайлар жасау.

**Пайымы:** экономиканың қажеттіліктерін қанағаттандыратын энергияны өз көздерінен өндіру; мұнай

мен газды өндіру, қайта өңдеудің аяқталған технологиялық циклімен дамыған мұнай-газ өнеркәсібі; қосылған құны жоғары мұнай – химия өнімін өндіру; отандық мұнай өнімдері және табиғи газбен ішкі нарық қажеттілігінің қамтамасыз етілуі; энергия ресурстарын тасымалдаудың дамыған жүйесі; көмірсутегі шикізаты, көмір және уран бөлігінде жер қойнауын ұтымды пайдалану; толық ядролық отын циклі; Қазақстан Республикасының экологиялық және энергетикалық қауіпсіздігі; жетілдірілген гидрометеорологиялық және экологиялық мониторинг жүйесі; парниктік газдар шығарындыларын азайтудың нарықтық тетіктерін пайдалану және "жасыл экономикаға" көшу; өндіріс және тұтыну қалдықтарын кәдеге жаратудың дамыған жүйесі.

## 2-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау және тәуекелдерді басқару

### 1-стратегиялық бағыт. Электр энергетикасын, көмір өнеркәсібін және атом энергиясын пайдалану саласын дамыту

#### 1.1) Реттелетін сала немесе қызмет аясы дамуының негізгі параметрлері

Электр энергетикасы

2016 жылда электр энергиясының өндірісі 94,1 млрд. кВтс, 2015 жылы – 90,8 млрд. кВтс, 2014 жылы – 93,9 млрд. кВтс құрады. 2016 жылғы электр энергиясының өндірісі 2015 жылмен салыстырғанда 3,2 млрд. кВтс ұлғайды.




Қазақстанда 76 электр станциясы электр энергиясын

өндіруді жүзеге асырады. 2016 жылдың жағдайы бойынша Қазақстанның батыс және оңтүстік облыстарында 20-дан астам газбен жұмыс істейтін станциялар бар. Мұның себебі газ электр станцияларыын отын көзіне (кен орнына) неғұрлым жақын орналастыру экономикалық тиімді болып саналады.

2016 жылда электр энергиясын тұтыну көлемі 92,3 млрд кВтс, 2015 жылы – 90,8 млрд. кВтс, 2014 жылы - 91,6 млрд. кВтс құрады. 2016 жылғы электр энергиясын тұтыну көлемі 2015 жылмен салыстырғанда 1,5 млрд. кВтс ұлғайды.

Электр энергиясын өндіру көлемінің ұлғаюы республика бойынша ірі кәсіпорын тұтынушыларымен электр энергиясын тұтынуының, сондай-ақ 2016 жылдың қысқы және күзгі айларындағы ауа райының төмен болуы салдарынан тұрмыстық тұтынуының жоғарылауы, сонымен қатар Ресей Федерациясына электр энергиясын экспорттау есебінен қол жеткізілді.

2015 жылы 2014 жылмен салыстырғанда электр энергиясын өндіру мен тұтынудың азаюы байқалады. Өнеркәсіптік ауқымда электр энергиясын экономикалық тиімді сақтау мүмкіндігінің болмауы – электр энергиясын өндіру-тұтынудың физикалық ерекшелігі болып табылады, яғни ел экономикасының электр энергиясына деген қажеттілігі төмендеген кезде және электр энергиясы экспортының деңгейі сақтамаған немесе төмендеген кезде генерация да тиісінше төмендейді.




Электр энергиясы күзгі-қысқы кезеңде көп мөлшерде тұтынылады. Күзгі-қысқы жағдайларда электр энергиясымен үздіксіз қамтамасыз ету үшін энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдардың дайындығы әзірлік паспортымен

расталады. 2015 жылғы 2 ақпандағы №55 Энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын алу қағидаларына сәйкес әзірлік паспорттар 1 қазанға дейін қабылданып, 1 қарашаға дейін беріледі. Осылайша, 2016 жылда 158, 2015 жылы – 158, 2014 жылы – 103 паспорт берілді.

2016 жылда Қазақстан электр станцияларының белгіленген жалпы қуаты 21 195 МВт, қолда бар қуаты 17 571 МВт құрады. 2015 жылдың тиісінше көрсеткіштері: 21 307,2 МВт, қолда бар қуаты 17 500,1 МВт құрады. 2014 жылдың тиісінше көрсеткіштері: белгіленген қуаты 20 844 МВт, қолда бар қуаты 16 255 МВт құрады.

Энергетикалық инфрақұрылымды дамыту шеңберінде және мемлекеттің электр энергиясына деген қажеттілігін қамтамасыз ету үшін Республикалық индустрияландыру картасы және "Нұрлы Жол" инфрақұрылымды дамыту бағдарламасы жобаларын іске асыру жүргізілуде:

Солтүстік-Шығыс-Оңтүстік 500 кВ транзит;

Балхаш ЖЭС салу;

Екібастұз МАЭС-1 реконструкциялау және кеңейту;

Екібастұз МАЭС-2 реконструкциялау және кеңейту;

Шардара СЭС- ін жаңғырту.

Жылу және электр энергетикасын дамытуға облыс бюджеттеріне, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне трансферттер көлемі 2016 жылы – 34,96 млрд теңгені, 2015 жылы – 46,9 млрд теңгені, 2014 жылы – 60,6 млрд. теңгені құрады.

**Көмір өнеркәсібі**

Қазақстан аумағында 400-ден астам түрлі жастағы тас және қоңыр көмірдің кен орындары мен көрініс белгілері бар.

Қазақстанда көмірдің жалпы геологиялық қоры 150 млрд. тоннаға бағаланады.

Қазақстан Республикасының көмір қорын бөлуге және көмірдің болжамды ресурсына жүргізілген талдауға сүйенсек, баланстық қордың басым бөлігі Орталық Қазақстанда, Қарағанды, Павлодар және Қостанай облыстарында шоғырланғанын көрсетеді.

Негізгі көмір өндіруші кәсіпорындар Қарағанды, Екібастұз және Майкүбен көмір бассейндерінде, сондай-ақ Шұбаркөл, Бөрілі және Қаражыра кен орындарында орналасқан.

Республикада көмір өндіру бойынша 25 көмір компаниясы-жер қойнауын пайдаланушы жұмыс атқарады.

Көмір өндіру көлемі (көмір қойыртпасын

қоспағанда) 2016 жылда 98 млн. тоннаны, 2015 жылы 102,5 млн. тоннаны, ал 2014 жылы – 109,2 млн. тоннаны құрады. 2016 жылғы көмір өндіру көлемі 2015 жылмен салыстырғанда 4,5 млн. тоннаға кем.




Көмір өндіру көлемінің төмендеуі мыналармен негізделеді:

1. Судың молдылығынан су электр станцияларында электр энергиясын өндірудің 25,1% ұлғаюымен байланыстырылады.

2. 2030 жылға дейінгі кезеңде Ресей көмір өнеркәсібін дамыту бағдарламасын (РФ Үкіметінің 2014 жылғы 21 маусымда №1099-р өкімі) орындауға байланысты Ресей энергия кәсіпорындарымен қазақстандық көмірді тұтынуды қысқартумен байланыстырылады, бағдарламада қазақстандық (екібастұздық) көмірді кузнецк көміріне алмастыру қарастырылған.

Бұдан басқа, ресейлік ЖЭО бөлігі табиғи газды қолдануға ауыстырылған (мысалға, Верхне-Тагильская ГРЭС, Нижнетуринская ГРЭС және Красногорская ТЭС), ал іске асырылып жатқан жаңа жобалар кузнецк көмірін қолдануға көшірілуде, мысалы Троицкая ГРЭС, Курганская ТЭЦ және тб.

## Қазақстан көмірі экспортының бағыттары




Сонымен қатар, көмір саласы Қазақстанда 70%-дан астам электр энергиясын өндіруді, кокс химиялық өндірістің жүктемесін жүз пайыз дерлік қамтамасыз етеді, коммуналдық-тұрмыстық сектордың және халықтың отынға деген қажеттілігін толығымен қанағаттандырады.

Қазақстандық көмір компанияларының экспортқа тұрақты жұмыс істеуі үшін Ресей Федерациясының Электр генерациялайтын кәсіпорындарының қазақстандық көмірді тұтынуының 2016-2022 жылдарға арналған қолданудың индикативтік болжамына қол қойылды, бұл келесі бес жылдық кезеңге арналған көмір өндіру көлемін қол жеткізген деңгейде сақтауға мүмкіндік береді.

**Атом энергиясы**

Қазіргі таңда Қазақстан әлемде уран өндірісі бойынша бірінші орынға шықты және табиғи уранның әлемдік нарығында көшбасшылық ұстанымды сақтап қалуда. Қазақстан әлемдік уран өндірісінің шамамен 40% өндіреді. Қазақстанда өндірілген барлық уран әлемдік нарыққа экспортталады.

2016 жылда Қазақстанда 24 689 тонна, 2015 жылы 23 805 тонна, 2014 жылы 22 829 тонна уран өндірілді. 2016 жылғы уран өндіру көлемі 2015 жылмен салыстырғанда 884 тоннаға ұлғайды.

Уран өндіру НКИ-і

(% алдыңғы жылмен салыстырғанда)

**Уран өндіру НКИ-і**
**(% алдыңғы жылмен салыстырғанда)**




Атом энергетикасын дамыту мақсатында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2016 жылғы 2 қарашадағы №110-ө өкімімен Атом электр станцияларын салу жөніндегі бірінші кезектегі іс-шаралар жоспарын іске асыру жұмыстары жүргізілуде. Осы жоспармен экологиялық заңнама талаптарын ескере отырып, Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласының және Алматы облысының Жамбыл ауданы Үлкен кентінің аудандарында атом электр станцияларын салу бойынша жобалау алды құжаттаманы әзірлеу, сондай-ақ АЭС салу бойынша Үкімет шешімінің жобасын дайындау көзделген.

2015-2017 жылдар аралығында технологиялық сипаттағы қолданбалы ғылыми зерттеулер бағдарламасы іске асырылуда, оның аясында "Энергетика және машина жасау" басым бағытының 4 нысаналы ғылыми-техникалық бағдарламасы бойынша зерттеулер жүргізіліп келеді. Аталған ғылыми-техникалық бағдарламалар Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық және интеллектуалды әлеуетін өндіруді және дамытуды, жас мамандарды тартуды, атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласында ғылымды қажетсінетін бәсекеге қабілетті өнім шығару үшін жағдай жасауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2016 жылы Ядролық медицина және биофизика орталығы өндірістік-технологиялық кешенінің құрылысы аяқталды, оның мақсаты – диагностикалау мен емдеудің жаңа әдістемелерін игеру, радиофармпрепараттардың өнеркәсіптік өндірісін құру үшін жағдай жасау, ядролық медицина мен биофизиканың жаңа өнімдерін жасауға арналған ғылыми зерттеулер жүргізу.

2016 жылы болашақ термоядролық реакторлардың конструкциялық материалдарының материалтану зерттеулерін жүргізуге арналған, әлемдегі жалғыз ҚТМ

Токамак қондырғысының құрылысы жүргізілуде.

**1.2) Негізгі проблемаларды талдау**

**Электр энергетикасы**

Өңірлердегі қолданыстағы жылу және электр энергетикасы объектілері жаңғыртуды, қуатын кеңейтуді және реконструкциялауды талап етеді. Жылу және электр энергиясына сұраныстың артуына байланысты жылу және электр энергетикасы объектілерінің жұмысына жүктеме және қойылатын талаптар күшейеді. Бұл ретте генерациялаушы, беруші және қосалқы жабдықтардың, сондай-ақ өндірістік ғимараттар және құрылыстардың тозу деңгейі белгілі жағдайда авариялық деңгейінен асып түседі.

**Көмір өнеркәсібі**

Берілген шектеулерге байланысты экспорттық бағытта қазақстандық көмір көлемін ұлғайту екіталай (салыстырмалы төмен сапаға және жоғары транспорттық шығындарға байланысты бәсекеге қабілетсіз ). Бұл ретте, соңғы жылдары экспорт көлемі: 2014 жылы – 30,4 млн. тонна, 2015 жылы – 29,2 млн. тонна, 2016 жылы – 25,8 млн. тонна құрды.

Бұдан басқа, жасыл экономикаға өту әлемдік тенденциялар қатты отынды тұтыну көлеміне тікелей байланысты.

**Атом энергиясы**

1. Елімізде атом энергетикасының, сондай-ақ анағұрлым жоғары қосылған құнды уран өнімі өндірісінің жоқтығы.

2. Радиоактивті қалдықтармен (РАҚ) жұмыс істеу бойынша ұлттық инфрақұрылымның болмауы.

Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметтің нәтижесінде қалыптасқан радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу бойынша ұлттық инфрақұрылымның болмауы радиоактивті қалдықтардың көлемі мен белсенділігін, оларды өңдеу, сақтау және көмуді толық мөлшерде бағалауға, сондай-ақ оңалтылған аймақтарды халықтық-шаруашылық пайдалану беруге мүмкіндік бермейді.

**1.3) Тәуекелдерді басқару**

| Мақсатқа қол жеткізуге әсер етуі мүмкін тәуекелдер атауы | Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар |
|---|---|
| 1 | 2 |

| | |
|---|---|
| Отандық энергия өндіруші ұйымдармен өндірілетін электр энергиясы Кедендік одақ елдерінің нарығына кетуі мүмкін (Кедендік одақ елдерінде электр энергиясына баға Қазақстан Республикасына қарағанда қымбат) | Ішкі тұтынушылар үшін электр энергиясымен қамтамасыз ету басым болатын норманы жалпы электр энергетикасы нарығын қалыптастыру туралы шартта қарастыру |
| Әлемдік табиғи уран құнының төмендеуі | Әлемдік нарық конъюктурасын ескере отырып, жер қойнауын пайдалану келісімшарттары шеңберінде уран өндірісінің көлемін реттеу |
| Ғылыми техникалық бағдарламаларды, халықаралық шарттар мен келісімдерді іске асыру үшін ресурстық базаның жедел қымбаттауына әсер ететін инфляция деңгейінің күрт өсуі | Басымдылық негізінде жобалардың санын негіздемелі қысқарту жолымен ғылымды және технологияны дамыту бағдарламаларын түзету. Шарттар мен келісімдер шеңберіндегі көлем мен жұмыстарды түзету |

## 2-стратегиялық бағыт. Мұнай-газ және мұнай-газ-химия салаларын дамыту

### 2.1) Реттелетін сала немесе қызмет аясы дамуының негізгі параметрлері

Мұнай өнеркәсібі

Мұнай өндіру көлемі 2016 жылда 78,04 млн.

тоннаны, 2015 жылы 79,46 млн. тоннаны, 2014 жылы 80,8 млн. тоннаны құрады. 2016 жылы мұнайды өндіру көлемі 2015 жылмен салыстырғанда 1,42 млн. тоннаға азайды.

2016 жылы мұнай өндіру көлемі 2015 жылмен салыстырғанда 1,8% төмендеді. Аталған динамика келесі себептермен анықталады:

1) әлемдік мұнай бағасының төмендеуі салдарынан мұнай компанияларының қаржылық жағдайларының нашарлауы;

2) өңірлердің жер қойнауын пайдаланушыларының инвестициялық шығындарының азаюы.




2016 жылда өнеркәсіптік пайдалануға 4 кен орны енгізілді. 2015 жылы – 3, 2014 жылы – 8 кен орны пайдалануға берілді.

Республиканың мұнай өңдеу зауыттарында мұнайды өңдеу 2016 жылда 14,475 млн. тоннаны, 2015 жылы 14,55 млн. тоннаны, 2014 жылы 14,9 млн. тоннаны құрады. 2016 жылы мұнай өңдеу зауыттарында мұнайды өңдеу 2015 жылмен салыстырғанда 0,075 млн. тоннаға азайды.

2016 жылы өндіру көлемі 2015 жылмен салыстырғанда 99,5%-ды құрады. Мұнай өңдеу және мұнай өнімдері әзірлеуінің төмендеуі өткен жылмен салыстырғанда бірқатар объективті себептерге байланысты. Геосаяси және макроэкономикалық себептерге байланысты ресей рублінің бағамы қазақстандық теңгеге қатысты елеулі өзгерістерге ұшырады, бұл ресейлік МӨЗ мұнай өндіру бағаларының төмендеуіне әкелді және соның салдары ретінде зауыттық резервуарлық парктер мен мұнай базаларын тауар өнімдерін сақтаумен жабдықтады. Ресейлік ЖЖМ импортына шектеу қою шаралары зауыттарды ішінара босатуға және ҚР МӨЗ-да мұнай өңдеуді

қысқартуға мүмкіндік береді.




Қазақстан Республикасының МӨЗ-да өндірілетін мұнай өнімдері қазіргі таңда ЕУРО-2 стандартына сәйкес келеді.

Мұнай тасымалдау инфрақұрылымы Атырау-Самара мұнай құбыры, Каспий мұнай құбыр консорциумы, Атасу-Алашанькоу мұнай құбыры сияқты қазақстандық мұнайдың негізгі қолданыстағы экспорттық бағыттарымен сипатталады.

Өндірілетін мұнайдың негізгі көлемі әдетте Еуропалық одақ пен Қытай нарығына экспортталады.

**Газ өнеркәсібі**

2016 жылда республикада газды өндіру мөлшері 46,4 млрд. текше.м, 2015 жылы 45,3 млрд. текше.м, 2014 жылы 43,2 млрд.текше.м құрады. 2016 жылы газды өндіру 2015 жылмен салыстырғанда 2,1 млрд текше.м-ге ұлғайды.




Негізінен, республиканың мұнай-газ кешені ілеспе

газ өндіреді, сондықтан оны Қазақ (Маңғыстау облысы), Теңіз (Атырау облысы) және Жаңажол (Ақтөбе облысы) газ өңдеу зауыттарында тауарлық газ күйіне дейін өңдеу талап етіледі.

Ілеспе газ өңдеу орынсыз болған кен орындарында газды өңдемей- ақ кәдеге жарату оны технологиялық қажеттілікке пайдалану, ішкі қабаттың қысымын сақтау және арттыру мақсатында жер қабатына тарту арқылы жүзеге асырылады.

Республикада газды кәдеге жарату 2016 жылда – 97,5%, 2015 жылы – 98%, 2014 жылы – 98,2% құрады, бұл газ ресурстарының тиімді пайдалануын және қоршаған ортаға экологиялық жүктеменінің азаюын көрсетеді.

Газ ресурстарын тиімді пайдалану және экологиялық жүктемені азайту мақсатында Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі заңнама базасын жетілдіру және әзірлеу бойынша көп жұмыстар атқарды, бұл жер қойнауын пайдаланушылардың ілеспе газды кәдеге жарату мәселелерін шешудегі жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік берді.

Жалпы, жер қойнауын пайдаланушылар экологиялық шараларға қаржы қаражатын инвестициялауға, газды кәдеге жарату шараларын орындауға көп көңіл бөле бастады. Газды кәдеге жарату мәселесі мұнайгаз шығаратын компаниялардың қызметтеріндегі басты мәселелердің біріне айналды.

Республикада тауарлық газды өндіру мөлшері 2016 жылда 28,5 млрд. текше м., 2015 жылы – 27,1 млрд. текше.м., 2014 жылы – 24,7 млрд.текше.м. құрады. 2016 жылы тауарлық газды өндіру мөлшері 2015 жылмен салыстырғанда 1,4 млрд текше.м-ге артты.

Қазақстан Республикасында 90% өндірелетін газ – бұл ілеспе мұнай газы. Осы мақсата өндірелетін ілеспе мұнай газдың бөлігі ішкі қабаттың қысымын арттыру үшін 30% шамасында қатқа кері айдалады, 15% жуығы өз технологиялық қажеттіліктеріне, электр энергиясын өндіруге соның ішінде газды жағуға пайдаланылады. 55% шамасында тауарлық газ өндіруді құрайды.

Тауарлық газдың маңызды қосымша ресурстары газ құбырларынан шалғай және бірқатар шағын кен орындарында мұнайды қыздыруға, электр энергиясын өндіруге және жеке қажеттіліктері мен шығынға кететін газ шығысының басқа да түрлеріне толық көлемде пайдаланылатын не болмаса газды алау етіп жағуды жүзеге асыратын шикі газдың бір бөлігін қайта өңдеу есебінен пайда болуы мүмкін. Мұндай

кен орындары бойынша газды қайта өңдеу және тасымалдау бойынша жаңа технологияларды қолдана отырып, жеке қажеттіліктері мен шығынға газ шығысын оңтайландыру не ұлттық оператордың шикі газды жинау және қайта өңдеу орталықтарын салу мүмкіндігін қарастыру керек. Алдын ала бағалау бойынша осы бағыттың әлеуеті жылына шамамен 3 – 5 млрд. м3 дейінгі деңгейде бағаланады.

Еліміздегі газдандыру деңгейі 2016 жылда 46,35%, 2015 жылы – 42,98%, 2014 жылы – 42,57% құрады. Қазіргі уақытта 16 өңірдің 10-ы, атап айтқанда барлық батыс және оңтүстік өңірлері, сондай-ақ Алматы қаласы газдандырылған. 2016 жылы елдің газдандыру деңгейі 2015 жылмен салыстырғанда 3,37%-ға ұлғайды.

Республиканы газдандырудың бас схемасы шеңберінде 2030 жылы тұрғындарды газдандыру деңгейі 56% немесе 1,6 мың елді мекенді құрайды.

**Мұнай-газ химия өнеркәсібі**

Жол битумына деген ішкі нарықтың қажеттілігі (Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің деректері) жоспарланған автожол құрылысына байланысты жыл сайын шамамен 400-500 мың тоннаны құрайды.

Бұл ретте, отандық зауыттардың өндірістік қуаттылықтары жылына 1 млн.тоннаға дейін жол битумын өндіруге мүмкіндіктері бар.

2016 жылда 486 мың тонна, 2015 жылы – 454 мың тонна, 2014 жылы – 452 мың тонна битум өндірілді.

2015 жылы іске қосылған Хош иісті көмірсутектерді өндіру жөніндегі кешен (бірінші іске қосу Кешенінің объектілері) отын режимінде жұмыс істейді (жоғары октанды бензинді шығаруда).

Ірі мұнай-өңдеу зауыттарының жетілдірілуі аяқталғаннан кейін кешен мұнай-химия өнімдерін өндіруге көшетін болады (бензол, параксилол).

"Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі" арнайы экономикалық аймағында" қуаты 500 мың тонна/жылына "Полипропилен өндірісі" жобасы іске асырылуда, кешен құрылысының аяқталуы 2021 жылға жоспарланып отыр, өйткені кешенді салу (жұмыстың басталуы туралы хабарламаны берген күннен бастап құрылыс аяқталғанға дейін) мерзімі 48 айдан кем емес уақытты құрайды.

Мұнай-химия жобаларын табысты іске асыру үшін "ҰИМТ" АЭА аумағында қажетті инфрақұрылымды салу жөніндегі жұмыстар жүргізілуде.

**2.2) Негізгі проблемаларды талдау**

**Мұнай өнеркәсібі**

1. Кеден одағының Техникалық регламенті стандарттарының шарттарына 2019 жылдан жеңіл мұнай өнімдері сапасының сәйкес келмейді.

2. Мұнай өндіруді қолдауға шығыстың өсуімен бір уақытта мұнай өндірудің жыл сайынғы төмендеуі байқалатын кен орындарының негізгі бөлігі әзірлеудің соңғы кезеңінде.

3. Қаржылық тұрақтылығына әсер ететін жер пайдаланушыларға жоғары салықтық жүктеме.

**Газ өнеркәсібі**

Қазақстанның газ тасымалдау инфрақұрылымын дамытуға жұмсалатын жоғары шығындарға байланысты республиканың ішкі нарығы табиғи газбен толық қамтамасыз етілмейді.

**Мұнай-газ химиясы өнеркәсібі**

1. Әлемдік деңгейдегі мұнай-химия өндірістерінің болмауы. Аталған факт ірі жобаларды іске асыруға қажетті жеткілікті операциялық тәжірибенің болмауына әкеледі.

Тиісінше, мұнай-газ химия өнеркәсібі үшін кәсіби мамандардың және техникалық қызметкерлердің, жоғарғы және орта буындағы инженерлердің дайындығы жеткіліксіз.

2. "Ұлттық индустриалдық мұнай-химия технопаркі" арнайы экономикалық аймағы инфрақұрылымының аяқталмауы, бұл мұнай-химия жобаларына инвесторларды тартуға кедергі келтіруде.

**2.3) Тәуекелдерді басқару**

| Мақсатқа қол жеткізуге әсер етуі мүмкін тәуекелдер атауы | Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар |
|---|---|
| 1 | 2 |
| Болжанған баға деңгейінен төмен мұнайға әлемдік бағалардың елеулі төмендеуі | Құзыретті мүдделі органдармен қаржылық және экономикалық сипаттағы тиісті түзету шараларын қабылдаумен талдау жұмысын (өндіріс болжамы) жүргізу |

| | |
|---|---|
| Тұрғындарға, кәсіпорындарға газды жеткізу мөлшеріне әсер ететін газды өңдеу және тасымалдау объектілеріндегі төтенше жағдайлар. | Қауіпті өндірістік объектілерде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі бойынша практикалық және ұйымдастыру шараларының кешенін жүргізу. |
| "ҰИМХТ" АЭА инфрақұрылымының аяқталмауына байланысты инвестициялық тартымдылықтың төмендеуі | Инфрақұрылымды салуды аяқтау үшін қаражат бөлу мәселесі бойынша уәкілетті органдармен өзара іс- қимыл |

## 3- стратегиялық бағыт. Қоршаған ортаның сапасын жақсарту

### 3.1) Реттелетін сала немесе қызмет аясы дамуының негізгі параметрлері.

Мемлекеттік экологиялық бақылау және қоршаған ортаға эмиссияларды азайту

2016 жылда 3177 тексеріс жүргізілді және 5363 бұзушылық анықталды *(бұзушылықтардың анықталуы: анықталған бұзушылықтар саны ч жүргізілген тексеріс саны – 1,69)*, 2015 жылы – 3274 тексеріс жүргізілді және 5421 бұзушылық *(анықталуы – 1,65)*, 2014 жылы – 2135 тексеріс және 4627 бұзушылық *(анықталуы – 2,167)* анықталды.

"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау" туралы ҚР Заңына 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап өзгерістер енгізудің нәтижесінде жоспарлы тексерістерді алып тастауға байланысты, 2015 – 2016 жылдары бұзушылықтардың анықталуының төмендеуі байқалады.

Республика бойынша рұқсат етілген шығарындылар лимиті 2016 жылы 4,56 мың. тоннаны құрады. (2015 ж. 4,464 мың тонна).

Республика бойынша рұқсат етілген ластаушы заттардың төгінділері лимиті 2016 жылы 2,974 мың тоннаны құрады. (2015 ж. 3,506 мың тонна).

Қазақстан Республикасының төмен көміртекті дамуға және "жасыл экономикаға" көшуі

Түгендеуге сәйкес ЖЖӨОШ-ны (жер пайдалану, жер пайдаланудағы өзгерістер және орман шаруашылығы) есептемегенде, парниктік газдар шығарындыларының көлемі 2015 жылғы 298,06 **млн. тонна $CO_2$-экв., 2014** жылы – 314,75 **млн тонна $CO_2$-экв., 2013 жылы** – 309,10 млн. Тонна **$CO_2$-экв.** құрады. Сонымен бірге, бұл деректер екі жылға кері жылжумен жыл сайын беріледі (1995 жылғы 2 маусымдағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасының (БҰҰДБ) Тараптар Конференциясының №FCCC/CP/1995/7/Add.1 шешімі). Осылайша, 2017 жылы 2015 жылдың ақпараты қалыптастырылды.

2013 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" көшуі жөніндегі тұжырымдама (бұдан әрі – Тұжырымдама) бекітілді, сондай-ақ 2013 жылғы 31 шілдедегі Үкімет қаулысымен Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі 2013 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары қабылданды. Тұжырымдама Қазақстан халқының әл-ауқатын, өмір сүру сапасын арттыру және елдің әлемнің неғұрлым дамыған 30 елінің қатарына кіруі арқылы қоршаған ортаға түсетін жүктеме мен табиғи ресурстардың тозуын барынша азайта отырып, жаңа тұрпаттағы экономикаға көшу мақсатында терең жүйелі жаңартулар үшін негіз қалайды.

**Жаңартылатын энергия көздері**

2016 жылдың қорытындысы бойынша Республикада жалпы белгіленген қуаты 295,7 МВт 50 жаңартылатын энергия көздерінің (бұдан әрі – ЖЭК) объектісі жұмыс істейді. 2015 жылдың қорытындысы бойынша – жалпы белгіленген қуаты 251,55 МВт 48 ЖЭК объектісі, 2014 жылдың қорытындысы бойынша – жалпы белгіленген қуаты 177,52 МВт 43 ЖЭК объектісі жұмыс істейді.

2016 жылда ЖЭК электр энергиясын өндіруі 927,9 млн. кВтс. құрады, 2015 жылы – 704,09 млн. кВтс., 2014 жылы – 578,17 млн. кВтсағ құрады. 2016 жылы ЖЭК электр энергиясын өндіруі 2015 жылмен салыстырғанда 223,81 млн. кВтс. ұлғайды.

Өндірілген электр энергиясының жалпы көлеміндегі ЖЭК үлесі 2016 жылда – 0,98%, 2015 жылы – 0,77%, 2014 жылы – 0,62% құрады.

Қазақстанда ЖЭК-ті мемлекеттік қолдаудың жүйелі шаралары "Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында

қарастырылған және инвесторларға құқықтық жағдайларды жақсартуға, сектордың тартымдылығын арттыруға бағытталған және нормативтік құқықтық базаны әзірлеу мен жетілдіру арқылы іске асырылады. "ЖЭК-ті қолдау жөніндегі Қаржы-есеп айырысу орталығы" ЖШС (бұдан әрі – ҚЕАО) ЖЭК объектілерінен электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу және кейін оны шартты тұтынушыларға сату арқылы ЖЭК объектілерін мемлекеттік қолдау тетіктері ЖЭК туралы Заңымен қарастырылған. Жыл сайын ЖЭК объектілерінің саны көбеюде, 2013 – 2014 жылдары белгіленген қуаты 41 МВт 15-тен астам ЖЭК объектісі іске қосылды, 2015 жылы белгіленген қуаты 119,9 МВт 14 объектісі іске қосылды, 2016 жылы белгіленген қуаты 50,39 МВт 4 объектісі іске қосылды. 2020 жылға дейін өндірілген электр энергиясының жалпы көлеміндегі ЖЭК үлесін 3% жеткізу қамтамасыз етілетін ЖЭК жобаларын іске асыру көзделген.

2016 жылғы 28 сәуірде Мемлекет басшысы қол қойған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" көшуі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының шеңберінде "Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізілді, олар ЖЭК секторының инвестициялық тәуекелдерін төмендетуге бағытталған.

### Өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару

Кәсіпорындар аумағындағы жинақталған өндірістік қалдықтардың жалпы көлемі 2016 жылы 27,9 млрд тоннаны құраған, 2015 жылы 27,8 млрд тоннаны құраған, оның ішінде 9,7 млрд. тонна қауіпті қалдықтар, 2014 жылы 27,3 млрд тонна, оның ішінде 9,7 млрд. тоннаны (техногенді-минералды түзілімдерді, сондай-ақ радиоактивті қалдықтарды қоспағанда) құраған.

Қауіпті қалдықтар туралы ақпарат есеп беру кезеңінен кейінгі жылдың маусым айына дейін қалыптастырылады.

**Өндірістің өнеркәсіптік қалдықтары, млрд.тонна**




Жыл сайын Қазақстанда 5-6 млн. тоннаға жуық тұрмыстық қатты қалдықтар (бұдан әрі – ТҚҚ) жинақталады. ТҚҚ Астана, Шымкент және Жаңаөзен қалаларындағы зауыттарда, сонымен қатар негізінде шағын және орта бизнес кәсіпорындарында сұрыпталады және қайта өңделеді. Елімізде 130-ден астам кәсіпорын жұмыс істейді, олар қайталама шикізатты өңдеп, 20-дан астам өнім түрлерін шығарады: пластик, металл, ағаш, шыны, қағаз, резина ұнтағының және резеңке-техникалық бұйымдар, биогаз, тыңайтқыш және отын пиролиз өнімдері.

2017 жылдың жағдайы бойынша елдің аумағында ТҚҚ полигондары және қоқысорындар саны 3816 құрайды, соның ішінде ресми заңдастырылған полигон саны 610 (16%), 2016 жылда – 3943, заңдастырылған полигон саны – 590 (15%), 2015 жылда – 4049, заңдастырылған полигон саны – 459 (11,34%), 2014 жылда ТҚҚ полигоны саны – 4354, заңдастырылған полигон саны – 956 (22%), бұл жағдай инфекция, кеміргіштер сияқты ауру ошағын тарату көзі бола отырып, қоршаған ортаға, атап айтқанда жер асты және грунт суларына, топырақ жамылғысына, атмосфералық ауаға келеңсіз әсер етеді.

Өнеркәсіптік кәсіпорындар қызметі нәтижесінде пайда болған және иесіз қалған тарихи ластануларды жою жөніндегі жұмыстар жоспарлы жүргізіледі. Радиактивті, колчедана, күкірт және цезий сияқты қауіпті иесіз қалдықтарды сот шешімімен республикалық меншікке беру жұмыстары жүргізілді. Тарихи ластағыштарды жою жұмыстары жүргізілуде.

Ақмола облысы Щучинск-Бурабай курорттық аймағын дамытудың 2017 – 2020 жылдарға арналған жоспарын (**III кезең**) іске асыру шеңберінде "Щучинск-Бурабай курорттық аймағының су қоймаларын (Щучье, Бурабай, Қарасу көлдері) тазалау және санациялау" жобасы жүзеге

асырылуда.

**Гидрометеорологиялық және экологиялық мониторинг**

Республика аумағының метеорологиялық мониторингпен қамтамасыз етілуі 2016 жылы – 78%, 2015 жылы – 77%, 2014 жылы – 71%-ды құрады. Республика аумағының метеорологиялық мониторингпен қамтамасыз етілуі 2015 жылмен салыстырғанда 2016 жылы 1%-ға өсті.

Республика аумағының агрометеорологиялық мониторингпен қамтамасыз етілуі 2016 жылы – 72,5%, 2015 жылы – 72,5%, 2014 жылы – 72%-ды құрады.

Республика аумағының гидрологиялық мониторингпен қамтамасыз етілуі 2016 жылы – 61%, 2015 жылы – 60%, 2014 жылы – 59%-ды құрады. Республика аумағының метеорологиялық мониторингпен қамтамасыз етілуі 2015 жылмен салыстырғанда 2016 жылы 1%-ға өсті.

Республика аумағының атмосфералық ауаның ластау жәй-күйі туралы мониторингімен қамтамасыз етілуі 2016 жылы – 58%, 2015 жылы – 57%, 2014 жылы – 46%-ды құрады. 2016 жылы 2015 жылмен салыстырғанда 1% өсті.




* МС – метеорологиялық станция, ГБ – гидрологиялық бекет, ЭБ – экологиялық бекет, АМБ – агрометеорологиялық бекет.

2016 жылғы жағдай бойынша гидрометеорологиялық және экологиялық мониторинг 984 бақылау пунктінде (328 метеорологиялық станция, агрометеорологиялық бақылау жасайтын 203 бекет, 307 гидрологиялық бекет пен 146 атмосфералық ауаны бақылайтын пункт) жүргізілді.

2015 жылда гидрометеорологиялық және экологиялық мониторинг 972 бақылау пунктінде (325 метеорологиялық станция, агрометеорологиялық бақылау жасайтын 203 пункт, 302 гидрологиялық бекет пен 142 атмосфералық ауаны бақылайтын пункт) жүргізілді.

2014 жылда гидрометеорологиялық және экологиялық мониторинг 911 бақылау пунктінде (297 метеорологиялық

станция, агрометеорологиялық бақылау жасайтын 202 пункт, 298 гидрологиялық бекет пен 114 атмосфералық ауаны бақылайтын пункт) жүргізілді.

3.2) Негізгі проблемаларды талдау

**Мемлекеттік экологиялық бақылау және қоршаған ортаға эмиссияларды азайту; Қазақстан Республикасының төмен көміртекті дамуға және "жасыл экономикаға" көшуі, жаңартылатын энергия көздері**

1. Республика бойынша эмиссия нормативтерінің белгіленген мәндерінің, ластаушы заттардың шығарындылары мен төгінділерінің өсуі. Республиканың өнеркәсіптік әлеуетінің дамуы, кәсіпорындар қуатының артуы және жабдықтардың тозуы нәтижесінде ластаушы заттардың шығарындылары мен төгінділері, эмиссия нормативтерінің белгіленген мәндері көбейеді.

2. Парниктік газдар шығарындыларын реттеу бойынша ынталандыру преференцияларының болмауы.

3. Технологияларды ендіру құнының жоғары болуы, сондай-ақ экономика саласында, атап айтқанда энергетикалық саладағы жабдықтардың тозуы ел экономикасының төмен көміртекті дамуға және "жасыл экономикаға" көшуін кешеуілдетеді.

4. ЖЭК саласындағы нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу үшін жаңа ЖЭК генерациялайтын қуаттардың жетіспеуі.

1940-1950 жылдары пайдалануға енгізілген және генерациялаушы, беруші және қосалқы жабдығы айтарлықтай тозған шағын су электр станциялары 2015 жылдың қорытындысы бойынша ЖЭК генерациялайтын қуатының 54%-ын құрайды, әрі ЖЭК өндіретін электр энергиясының 81% шағын СЭС үлесінде. Сондықтан қойылған нысаналы индикаторларға қол жеткізуге жеткілікті ЖЭК жаңа объектілерін салу және іске қосу талап етіледі.

5. "Қаржы-есеп айырысу орталығы" ЖШС-ның (ҚЕАО) ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың алдында олардан сатып алынған энергиясы үшін қаржылық міндеттемелерді орындауға тұрақты тетігінің болмауы. ҚЕАО ұзақ мерзімді қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында ҚЕАО жағынан ЖЭК электр энергиясын сатып алу-сату тетіктерін жетілдіру бойынша қосымша шаралар қажет.

6. Қаржылық институттардан жобаны іске асыруға және жобалық қуатына шығу үшін қажетті инвестицияларды тарту мақсатында ЖЭК саласындағы инвесторлардың меншікті қаражатының жетіспеуі.

Шетел валютасындағы несиелер ретінде берілетін қаржылық институттардан қарыз қаражатын тартусыз ЖЭК объектілерін қаржыландыру мүмкін емес. Тарифтердің қолданыстағы деңгейінде іске асырылып жатқан жобалар шығынға ұшырап жатыр, себебі қарыз қаражаты бойынша міндеттемелерді тұрақты валютада орындау қажет, алайда табыс бөлігі – теңгеде. Осындай жобалар үшін қолданыстағы тарифтерді қайта қарастыру қажет.

7. ЖЭК-ті елдің біртұтас электр энергетикасы жүйесіне интеграциялау проблемасы. ЖЭК объектілері санының көбеюімен ЖЭК-тің желіге интеграциялануы жалпы Қазақстанның энергия жүйесінің жұмыс істеуіне қауіп-қатер төндіреді. Осыған орай, ЖЭК объектілерін іске қосудың оңтайлы көлемдерін белгілеу және олардың БЭЖ-дің орнықты жұмыс істеуіне барынша төмен ықпал етуін ескере отырып орналастыру қажет.

**Өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару**

1. ТҚҚ-ны басқару секторы инфрақұрылымының дамымауы, оның ішінде қалдықтардың жиналу "көзінен" ТҚҚ-ны бөлек жинаудың, сондай-ақ ТҚҚ-ны өңдеу бойынша зауыттар мен технологиялардың болмауы.

Жүйелі түрде тұрмыстық қатты қалдықтарды (бұдан әрі – ТҚҚ) бөлек жинау жолға қойылмаған, оларды сұрыптау және кешенді қайта өңдеу бойынша қуаттылық жоқ, бұл қалдықтарды қайта өңдеу көлемінің төмендеуіне әкеледі.

2. ТҚҚ полигондарының экологиялық және санитариялық нормалар мен талаптарға сәйкес келмеуі.

Қазақстанда көптеген қалдықтарды орналастыру орындары Совет одағында салынған және заманауи талаптарға сәйкес келмейді (88,66%). Оларды қалпына келтіру сондай-ақ қолданыстағы нормалар мен талаптарға сәйкес келетін жаңа полигондар салу қажет.

3. "Тарихи" ластануларды жою үшін қаржыландырудың жеткіліксіздігі.

Қазақстан Республикасы аумағында тарихи ластағыштар өндірістік объектілер және қалдықтар ретінде танылады. Қоршаған орта және халық денсаулығына кері әсер етуіне қарамастан, аталған объектілерді жоюға қаржыландыру жеткіліксіз.

**Гидрометеорологиялық және экологиялық мониторинг**

1. Республика аумағының метеорологиялық мониторингпен (2016 жылы қамтамасыз етілуі – 78%), гидрологиялық мониторингпен (2016 жылы қамтамасыз етілуі – 61%), агрометеорологиялық мониторингпен (2016

жылы қамтамасыз етілуі – 72,5%) жеткілікті қамтамасыз етілмеуі.

Дүниежүзілік метеорологиялық ұйымның стандарттарына сәйкес бақылау желілерін ұйымдастырған кезде халықтың нақты тығыздығы, жергілікті рельефі, сондай-ақ аумақтың экономикалық игерілуі ескерілуі тиіс.

Осылайша, Қазақстан Республикасының аумағы үшін қажетті бақылау желілері ең кем дегенде 421 метеорологиялық станция (2016 жылы – 328 станция), 500 гидрологиялық бекет (2016 жылы – 306 бекет), 280 агрометеорологиялық бақылау пунктерінен (2016 жылы – 203 пункт) құралуы тиіс.

2. Республика аумағының атмосфералық ауа мониторингісімен (2016 жылы қамтамасыз етілуі – 58%) жеткілікті қамтамасыз етілмеуі.

Атмосфералық ауа сапасының жай-күйіне мониторинг жасау барлық елді мекендердің пунктерінде жүзеге асырылуы тиіс. "Атмосфераның ластануын бақылау бойынша басшылық" басшылық құжатқа сәйкес атмосфералық ауаның ластануын бақылау бекеттерінің саны (бұдан әрі - БҚ) халықтың санына сәйкес есептелуі тиіс.

БҚ-ға сәйкес атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау бекеттерінің республика аумағындағы ең аз саны 250 болуы тиіс (2016 жылы – 146 бекет).

3. Осы модельдерді есептеуге арналған құралдар мен болжаулардың заманауи сандық үлгілерінің болмауы.

Нақты деректерді жедел режимде пайдалану үшін жыл сайын қымбат лицензиялар сатып алу қажет. Интеграциялаудың жуық әдістерін қолдану дұрыс емес болжамдар береді.

**3.3) Тәуекелдерді басқару**

| Мақсатқа қол жеткізуге әсер етуі мүмкін тәуекелдер атауы | Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар |
|---|---|
| 1 | 2 |
| Трансшекаралық аумақтарда қоршаған ортаның ластануының күрт өсуі | Экологиялық қауіптің алдын алу тетіктерін құру; трансшекаралық мемлекеттермен келісімдер жасасу |

| | |
|---|---|
| | бойынша іс-шаралар әзірлеу |
| Жаңартылатын энергия көздері саласындағы инвестициялық тартымдылықтың нашарлауы | Жаңартылатын энергия көздерінен электр энергиясын өндіру үшін жағдай жасау бойынша құқықтық және әкімшілік шараларды іске асыру |
| Қалдықтармен жұмыс істеу саласынан инвесторлардың кетуі. | Инвестициялық тартымдылықты жақсарту, сондай-ақмемлекеттік қолдау шаралары бойынша, соның ішінде қалдықтармен жұмыс жүргізу саласындағы шағын және орта бизнес кәсіпорындары үшін салықтық және басқа да артықшылықтар, гранттар беру. Қалдықтарды жинаумен, тасымалдаумен, өңдеумен айналысатын кәсіпорындарды өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері (ӨКМ) шеңберінде субсидиялау. Қалдықтарды бөлек жинауды ендіру және өңдеубойынша жүйелі және кешенді шаралар қабылдау. |
| Бақылау пункттерінің жұмыс істеуін тоқтатуға апарып | Уақытша бақылау пункттерінің ашылуы |

| | |
|---|---|
| соғатын апатты гидрометеорологиялық құбылыстардың салдарлары | |

## 3-бөлім. Саланың/аяның басым бағыттары

### 1-стратегиялық бағыт. Электр энергетикасын, көмір өнеркәсібін және атом энергиясын пайдалану саласын дамыту

**Электр энергетикасы**

Инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған "Нұрлы жол" мемлекеттік бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасындағы энергия тұтынудың өсуі және генерациялайтын қуаттардың дамуы, сондай-ақ энергиямен жабдықтау сапасын және сенімділігін арттыру энергетика инфрақұрылымын одан әрі дамытуды талап етеді.

Электр энергетикасы саласы ел экономикасының және халықтың электр энергиясына қажеттілігін толық қамтамасыз етеді, бірақ ол, дегенмен, алдыңғы шектегі қарқынмен дамуы тиіс.

Экономиканың электр энергиясына қажеттілігін толық қамтамасыз ету, сондай-ақ инфрақұрылымды дамыту электр энергетикасын дамытудың басым бағыттары болып табылады.

Хаб-қалалардың және екінші деңгейдегі қалалардың өсуімен электр энергиясына деген сұраныс та өседі. Осыған байланысты, үздіксіз электр энергиясымен жабдықтау сенімділігін нығайту үшін жаңа генерациялық объектілерді салу (Балқаш ЖЭС), қолданыстағы электр станцияларын реконструциялау (Екібастұз ГРЭС-2 үшінші энергия блогы), ұлттық электр жүйесін жаңғырту және өңірлік электр желілерін салу және реконструкциялау бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде.

Бірақ солтүстік энергетикалық аймақтан оңтүстік аймақтағы ең жоғарғы жүктеменің орнын толтыру үшін қолданыстағы 500 кВ "Солтүстік-Оңтүстік" екі электр тарату желісінің қуаты жеткіліксіз.

Оңтүстік өңірлерінің электр энергиясымен жабдықтау сенімділігін арттыру және тұрақты қамтамасыз ету үшін солтүстіктегі энергияның профицитін оңтүстік өңірге жіберуге арналған жаңа электр тарату желілерін салу қажет. Бұл Қазақстан Республикасының Бірыңғай энергетикалық жүйесін нығайта түседі.

2019 жылдан бастап электр энергиясы нарығымен қатар электр қуатының нарығы қызмет ететін болады.

Электр энергиясы нарығында тікелей екіжақты келісімдер жасасалатын болады, келісімдер орталықтандырылған саудада, ал қуат нарығында электр өндіруші ұйымдарынан қуатты сатып алатын бірыңғай сатып алушы енгізілетін болады.

**Көмір өнеркәсібі**

Қазақстан Республикасының көмір нарығындағы дәстүрлі сұраныстан, яғни энергетикалық көмірдің ішкі нарығынан көмір өндіру қуаты едәуір алда .

Осыған орай, көмірді өңдеуді дамыту көмір өнеркәсібіндегі басым бағыт болып табылады, бұл өнімнің тұтынушылық қасиеттерін сапалы өзгертуді қамтамасыз етеді және тиісінше, оның нарықтық бағасын өсіреді, ең бастысы – энергетикалық көмір нарығынан тыс шығуға және көмірді қайта өңдеудің жоғары дәрежелі өнімін шығаратын көмір-химия жаңа бағытын жасауға мүмкіндік береді.

Көмір өнеркәсібін дамытудың маңызды бағыттарының бірі ол көмірсутекті және мұнайхимия шикізаттарын өндіру үшін – көмірді кешенді қайта өңдеуге (көмірхимия) көмірді қолдану болып табылады.

Қазақстанда синтетикалық сұйық отындар алу мақсатында көмірді терең өңдеу жобасы бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Жобаны іске асыру мемлекеттің ішкі нарығын дизельдік отынмен қамтамасыз етеді, Қазақстан Республикасының орталық өңірін дамытуға (жұмыс орындарын құру, әлеуметтік және салық түсімдері, шағын және орта бизнесті дамыту, және т.б.) мүмкіндік береді.

**Атом саласы**

Қазақстан табиғи уранды тек өндіруге және жеткізуге ғана емес, сондай-ақ жоғары қосылған қосымша құны бар уран өнімін өндіруге және сатуға мүдделі. Осы мақсатта ядролық отын циклінің тігінен-интегралданған кешенін құру көзделген, ол үшін ҚР ядролық отын циклінің барлық жетіспейтін тұстары бойынша – уранды конверсиялау және байыту, жылу бөлгіш құрастырмалар өндірісі жұмыстары жүргізілуде.

Қазақстан Республикасының энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ұзақ мерзімді перспективада атом электр станцияларын салу көзделген, бұл отын цикліне уранның едәуір қорын тартуға, осылайша республика энергетикасының генерациялаушы қуаттарын әртараптандыруға, сондай-ақ қолда бар көмірсутек

ресурстарын пайдалануды оңтайландыруға мүмкіндік береді.

## 2-стратегиялық бағыт. Мұнай-газ және мұнай-газ химиясы салаларын дамыту

Мұнай өнеркәсібі

Отандық МӨЗ-дің қолданыстағы өндірістік қуаты мұнай өнімдерінің ашық түрлері бойынша 2021 жылға дейін еліміздің ішкі нарығының қажеттілігін жабады.

"Қазақстан-2050" стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағытына сәйкес Қазақстан шикізатты қарапайым жеткізуден энергетикалық ресурстарды өңдеу саласындағы ынтымақтастық және соңғы технологиялармен алмасуға ауысуы тиіс. Осылайша, 2025 жылға қарай өз нарығымызды жаңа экологиялылық стандарттарға сай жанар-жағармай материалдармен толық қамтамасыз ету басым бағыт болып табылады.

Сондай-ақ, отандық МӨЗ-дің қолданыстағы өндірістік қуаты ішкі нарықтың ашық түсті мұнай өнімдерінің түріне деген барлық қажеттіліктерін жаппайды.

Зауыттарды модернизациялаудың механикалық аяқталуы 2017 – 2018 жылдарға жоспарланған. Зауыттарды жаңғырту ескірген және тозған жабдықты ауыстыруға, Еуро 4, 5 стандарттарына сәйкес келетін мұнай өнімдерінің сапасын жақсартуға, ашық мұнай өнімдерін ұлғайтуға және қоршаған ортаға зиянның әсерін азайтуға мүмкіндік береді.

ҚР мұнай өндіру көлемі 2017 жылдан бастап өсуі күтілуде. Ел бойынша мұнай өндірудің бас көлемі Теңізшевройл, Қарашығанақ кен орындарының келешек кеңейту жобалары, Қашаған, "Еуразия" жобасы есебінен қамтамасыз етіледі.

Мұнай өндіру өсуімен қолданыстағы құбырларды кеңейту және жаңа құбырларды құру қажеттілігі туындайды.

Қазіргі уақытта, Каспий құбыр консорциумының (ККК) өткізу қабілетін ұлғайту жобасы бойынша жұмыс жүргізілуде. ККК кеңейту жобасы мұнай құбырының өткізу қабілетін кезең-кезеңімен жылына 28,2-ден 67 млн.тоннаға көтеруді көздейді, оның ішінде қазақстандық мұнай үшін жылына 52,2 млн. тонна.

"Қазақстан-Қытай" мұнай құбыры жобасына Кенгияқ-Атырау, Кенгияқ- Құмкөл, Құмкөл -Атасу және Атасу-Алашанькоу құбырларының салынуы енгізілген.

Қазіргі уақытта Атасу-Алашанькоу мұнай құбырының өткізуі жылына 20 млн. тоннаға дейін өсті, сондай-ақ Құмкөл-Атасу құбырының қазақстандық бөлігі жылына 20 млн. тоннаға дейін Қытайға қазақстандық мұнайды экспорттауға мүмкіндік береді. Бүгінгі күні "ҚазТрансОйл" АҚ-ның Кенгияқ-Атырау құбырының реверстау нысандарын (НПС 663 км және НПС Кенгияқ) қайта жаңартуы жүзеге асырылуда.

**Газ өнеркәсібі**

Газ өнеркәсібінде "Нұрлы Жол" Қазақстанның Жаңа Экономикалық саясаты және екінші индустриалдық дамудың бес жылдығы шеңберінде жүзеге асырылатын міндеттер тұр. Саланы дамыту жоспарлары еліміздің аумағын газбен жабдықтаумен қамтуды ұлғайтуды көздейді. Атап айтқанда, 2014 жылғы 4 қарашадағы Үкіметтің №1171 қаулысымен Қазақстан Республикасын газдандырудың 2015 - 2030 жылдарға арналған бас схемасы бекітілді. Бұл еліміздің тұтынушыларын сенімді газбен жабдықтауды қамтамасыз етудің экономикалық негізделген стратегиялық бағыттарын айқындайтын бағдарламалық құжат. Газ және газбен жабдықтау туралы Заң және ҚР Үкіметімен бекітілген тиісті Қағидалар осы құжатты әзірлеуге заңнамалық негіз болып табылады.

Ішкі нарықтың мұқтаждықтарын толық қамтамасыз ету және энергетикалық тәуелсіздікке қол жеткізу үшін газ ресурстарын халықаралық тасымалдау және ұтымды пайдалану көлемдерінен, көмірсутек шикізатын шығару және өңдеуден әлеуметтік-экономикалық нәтижені арттыру газ секторындағы негізгі мақсат болып табылады.

Осылайша, газ секторын 2030 жылға дейін дамытудың басты стратегиялық бағыты бірінші кезекте еліміздің экономикалық даму мүддесінде тауарлық газға ішкі мұқтаждықты қамтамасыз ету болуы тиіс.

**Мұнай-газ химиясы өнеркәсібі**

Инфрақұрылымды дамытудың 2015 - 2019 жылдарға арналған "Нұрлы Жол" мемлекеттік бағдарламасына сәйкес "Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі" АЭА дамуы мұнай-химия саласының дамуына шешуші әсер етеді.

Әлемдік практикада бастапқы жартылай өнімдерді (метан, этан, пропан, бутан, изобутан, бензин және керосин мен дизель фракциялары және вакуум газойлі, мазут, гудрон және тағы басқа) химиялық қайта өңдеуді тереңдетуге және олардан синтетикалық мономерлер, полимерлерді және басқа химиялық өнімдерді алуға байланысты олардың бағасы шамамен 3-5 есеге күрт өсуде.

Іс жүзінде өнеркәсіптің барлық салалары мұнай-газ химиясы өнімдерінің тұтынушылары болып табылады.

Отандық мұнай-газ химияны тиімді және жылдам дамыту үшін "Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі" арнайы экономикалық аймағын дайын инфрақұрылыммен қамтамасыз ету бөлігінде мемлекеттік қолдау талап етіледі.

Дайын инфрақұрылым компанияларға 20 пайызға дейін күрделі және 15 пайызға дейін операциялық шығындарды үнемдеуге мүмкіндік беретінін әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр.

Дайын инфрақұрылыммен қамтамасыз ету негізгі жобаларды белгіленген мерзімде іске асыруға және жаңа инвестицияларды тартуға мүмкіндік береді.

## 3-стратегиялық бағыт. Қоршаған ортаның сапасын жақсарту

### Мемлекеттік экологиялық бақылау және қоршаған ортаға эмиссияларды азайту

Нормативтік эмиссияларды орнатуда нақты эмиссияларға жұмыс жүргізілетін болады, яғни назар аудару және өндіріс ерекшелігін ескеру, шығарындыларды қысқарту, ілеспе газды пайдалану, бүлінген жерлерді қайта қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды іске асыруды ұсыну, өндіріс қалдықтарын пайдаланудың балама әдістері, заманауи технологияларды қолдану. Жыл сайын Қазақстанның кәсіпорындары өздігімен техногенді жүктемені төмендетуге және экологиялық ахуалды жақсартуға бағытталған табиғатты қорғау іс-шараларын әзірлейді. Сондай-ақ, І санаттағы объектілерінің жоспарларын қарастыру барысында экологиялық әсер бойынша ақпараттың болуына ерекше назар аударылады. Бұл ақпарат қоршаған ортаға эмиссияларды төмендетуге бағытталған іс – шараларды енгізу барысында экологиялық әсерді көрсету мүмкін болатын іс – шаралар бойынша қажет етіледі.

Қоршаған ортаға эмиссияларды азайту мемлекеттік экологиялық бақылау мен реттеуді жетілдіру, сондай-ақ көміртегі қос тотығының, күкірт оксидтері және азот шығарындылары, климаттың өзгеруі "жасыл экономика" тұжырымдамасы бойынша мақсатты индикаторларға қол жеткізу және басқа да келісімдер туралы БҰҰ Негіздемелік конвенциясының міндеттемелерін орындау арқылы қол жеткізілетін болады.

Жақын аудандарда қоршаған ортаны қорғау, қалпына

келтіру және оны инвестициалауға өнеркәсіптік кәсіпорындарды ынталандыру мақсатында "Таза шығындар жоқ" механизмі енгізілетін болады. Шаң, күкірт диоксиді және азот тотығы шығарындылары бойынша стандарттар қатаң күшейтетілетін болады.

**Жаңартылатын энергия көздері**

ЖЭК-ті жоспарлы дамытуды қамтамасыз ету және елде ЖЭК молығу тәуекеліне жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" көшуі жөніндегі тұжырымдамасына сәйкес 2020 жылға электр энергиясы өндірісінің жалпы көлемінде 3% аспайтын және 2030 жылға қарай 10% ұзақ мерзімді келешекте ЖЭК дамытуға қатысты, оның ішінде Қазақстанның БЭЖ тұрақты жұмыс істеуі үшін кемшіліксіз ЖЭК бірігуін есепке ала отырып, ЖЭК түрлері бойынша шектеу шараларын Министрлік қабылдауы қажет.

Қосымша заңнамалық қолдау шараларын әзірлеу арқылы ЖЭК саласын дамытуды ынталандыру ЖЭК саласындағы жобалардың инвестициялық тартымдылығына және сыртқы инвестицияларды тартуда жағдай жасауға жағымды әсер ете алады.

**Қазақстан Республикасының төмен көміртекті дамуға және "жасыл экономикаға" көшуі**

Төмен көміртекті даму жолын таңдағанда бастапқы ұлттық шарттарды, оларды ғаламдық даму үрдістерімен бірте-бірте байланыстыруды ескеру керек.

Төмен көміртекті даму энергетикалық тиімділікті және энергияны үнемдеуді жақсартуға қатысты әлеуметтік-экономикалық дамудың ұлттық стратегиялық мақсаттарының бірі ретінде және орташа мерзімді және ұзақ мерзімді дамудың мәні ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл экономикалық өсудің жоғары қарқынын сақтау кезінде парниктік газдар шығарындыларының төмендеуден оларды бірте-бірте азайтуға жеткізуі тиіс.

Қазақстан даму деңгейі төмен елдерге тұрмыс деңгейі жоғары дамыған елдердің жоғары деңгейіне жетуге мүмкіндік беретін уағдаластықтарды қалыптастыруға көмектесетін климат бойынша халықаралық келіссөздерде қатысуды жалғастырады,

Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясы (БҰҰ КӨНК) бойынша Париж келісіміне ұсынылған Қазақстан экономикасының бүкіл ауқымында парниктік газдар шығарындыларын шектеу және азайту бойынша ұлттық деңгейде айқындалатын үлестерді орындау үшін келесі шаралар іске асырылады:

1) нарықтық тетік арқылы парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін – квоталармен сауда жасау жүйесі (КСЖ) арқылы реттеу;

2) елдің энергия теңгерімінде жаңартылатын энергия көздерінің (ЖЭК) бөлігін көбейту;

3) жылу электр станцияларды және қазандықтарды жаңарту;

4) энергетикалық тиімділік және энергияны үнемдеу бойынша жобаларды іске асыру.

**Өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару**

2012 жылғы 27 қаңтардағы "Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты" атты Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру, шетелдік және отандық инвесторлар үшін тартымды инвестициялық ахуал жасау, Ақмола облысында туристер ағынын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 12 мамырдағы №476 қаулысымен Ақмола облысы Щучинск-Бурабай курорттық аймағын дамытудың 2014 - 2016 жылдарға арналған жоспары (бұдан әрі-Жоспар) (II кезең) бекітілді.

Аталған Жоспарды орындау үшін Министрлік "Щучинск-Бурабай курорттық аймағындағы су көздерін (Щучье, Бурабай, Қарасу көлдері) тазарту және санациялау" жобасын жүзеге асыруда, бұл жобаны іске асыру Щучинск-Бурабай курорттық аймағы су объектілерінің экологиялық жай-күйін жақсартады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының имиджіне және елдегі туризмді дамытуға оң әсерін тигізеді.

Қазақстан өндірістік қалдықтарды басқару мәселелері бойынша үш конвенцияны ратификациялады (2003 жылы Базель, 2007 жылы Стокгольм және Роттердам) және аталған конвенциялардың Тарапы болып табылады. Конвенцияның негізгі қаржылық құралы болып табылатын Жаһандық экологиялық қор, Қазақстанға Стокгольм конвенциясының орнықты органикалық ластағыштар (бұдан әрі – ООЛ) міндеттемелерін орындау үшін қаржылық көмек көрсетеді.

Осыған сәйкес, құрамында ООЛ бар қалдықтарды жоюға арналған зауыт болмағандықтан, оларды жою жеке пилоттық бағдарламаның аясында шет елдерде жүзеге асырылады. Бұл ретте, Строкгольм конвенциясының міндеттемелеріне сәйкес Қазақстан 2028 жылға дейін құрамында ООЛ бар қалдықтарды жоюы тиіс.

**Қабылданған Конвенция бойынша міндеттемелерді орындау мақсатында Министрлікпен құрамында ООЛ бар**

**қалдықтарды жою мәселесін шешудің ықтимал нұсқаларын талдау жүргізіледі.**

Экологиялық заңама саласында қатты тұрмыстық қалдықтарды көлемін азайту және кәдеге жарату шешімі бойынша елеулі жаңалықтар енгізілді.

Бұл тауар өндірушілердің (импорттаушылар) кеңейтілген міндеттемелерін (бұдан әрі – ӨКМ) Қазақстан Республикасында өндірілетін және (немесе) Қазақстан Республикасы аумағына әкелінетін өнімге (тауарға) тұтынушылық қасиеті жоғалғаннан кейін тауарды бұдан әрі кәдеге жарату үшін кейін төлем ретіндегі енгізілуі. Бұл міндеттемелер қалдықтарды бөлек жинау, кәдеге жарату және қайта өңдеу бойынша инфрақұрылымды дамытуға, сондай-ақ қайта өңдеу кәсіпорындарын іске қосуға, жаңа жұмыс орындарын құруға, полигондарда орналастыру үшін қалдықтар көлемін азайтуға ынталандыру тиіс.

ӨКМ қағидасын кезең-кезеңімен енгізу қарастырылған.

Қазақстан Республикасының "жасыл" экономикаға көшу тұжырымдамасын іске асыру мақсатында 2017 жылдан бастап "құрғақ" және "ылғалды" қағидасы бойынша бөлек жинауды енгізу; қоқыс шығаратын кәсіпорындармен ірі қалалар және аудан орталықтарында пресс-компактормен сұрыптау желісін орнату; халықтың экологиялық білімін арттыру бойынша үгіт-насихат ұйымдастыру және жүргізу; қалдықтарды сұрыптауды және қайта өңдеуді жүзеге асыратын кәсіпорындар арасында әріптестікті қалыптастыру, қалдықтарды қайта өңдеу және қайталама шикізат нарығының қатысушыларының ішкі және аймақаралық кооперациясын дамыту; өнім, энергетикалық ресурстар (биогаз, электр энергия), компост алумен қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу объектілерінің құрылысы есебінен қайталама шикізат нарығын кезең-кезеңімен қалыптастыру.

Қабылданған жүйелі әрі кешенді шаралар еліміздің барлық өңірлерінде бөлек жинауды енгізуді, тұрмыстық қатты қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу бойынша шағын және орта бизнесті дамытуға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, Министрлікте сот шешімімен республикалық меншікке түсті деп танылған иесіз қалдықтарды басқару бойынша жұмыстар жүргізілуде. Иесіз қауіпті қалдықтар бойынша 20 сот шешімі бар. Республикалық меншікке 15 нысан беріледі.

2015 жылдан бастап Министрлік "Қазақстан Ғарыш

Сапары" ҰК" АҚ бірлесе отырып, ғарыштық мониторинг пен спутниктік навигация жүйесі мәліметтерінің нәтижесі бойынша Астана қаласы мысалында 137 аумақтың ластанғанын анықтады. 2016 жылдан бастап аталған тәжірибе Қазақстан бойынша 15 қалада кеңейтілді. Осы салада жұмыс жалғасуда.

**Гидрометеорологиялық және экологиялық мониторинг**

2015 жылғы Астана экономикалық форумында Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев қазіргі заманғы бес сыртқы сын-тегеуріннің бірі ретінде ауа-райының өзгеруі және басқа да табиғи ауытқушылықтармен жиі ілесіп жүретін климаттың өзгеру процесін атап өтті.

Гидрометеорологиялық қызмет – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша дұрыс шешімдерді қабылдауға арналған маңызды құрал.

Осыған байланысты, мемлекеттік бақылау жүйесін дамыту, атмосфера жағдайын, құрлықтың жер үсті суларын және қоршаған ортаның экологиялық жағдайын болжау және бағалау, қауіпті және апаттық гидрометеорологиялық құбылыстарды болжау әдістерін жетілдіру мониторинг жүйесінің негізгі басым бағыттары болып табылады. Осы аталғанның барлығы Қазақстан Республикасының билік және басқару органдарына, тұрғындарына және шаруашылық кешендердің мүдделі тұтынушыларына гидрометеорологиялық және экологиялық қызмет көрсету сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, қызмет ету сапасын арттыру су тасқындары, құрғақшылық, өрт, дауылды желдермен және ауа-райы құбылыстарымен байланысты қауіп-қатерлер деңгейін төмендетуге, төтенше жағдай туындаған кезде дайындық деңгейін көтеруге және сәйкесінше өнеркәсіптік және басқа авариялардан зақымдануды азайтуға мүмкіндік береді.

## 4-бөлім. Стратегиялық және бюджеттік жоспарлау өзара байланысының сәулеті

<table>
<tr><td colspan="3">Елдің жалпыұлттық көрсеткіштері</td></tr>
<tr><td colspan="3">Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы;<br><br>Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдама</td></tr>
<tr><td>2050 жылға қарай ІЖӨ-нің</td><td>Қазіргі жоғары әлемдік сұранысты</td><td>Өндірісте қауіпті қалдықтарды жою</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| энергия сыйымдылығы екі есеге, мың АҚШ доллары ІЖӨ-ге шаққанда 0,4-тен 0,2 тонна шартты отынға азаятын болады | елдің мүддесіне пайдалану үшін табиғи ресурстарды өндіру мен әлемдік нарыққа жеткізу қарқынын арттыру | жөніндегі технологияларды қоса алғанда, экологиялық қауіпсіз технологиялар мен процестерді пайдалану қолдау табатын болады. |
| Қазақстанның атом өнеркәсібіндегі мамандануын тереңдету өндірістік-өткізу тізбегінің барлық буындарында бірегей өнімді және қайта өңделуі жоғары көрсетілген қызметтерді құруға бағытталған. | Еліміздіңүш негізгі мұнай өңдеу зауытын одан әрі жаңғырту 2025 жылға қарай ішкі нарықты жаңа экологиялылық стандарттарға сай отандық жанар-жағармай материалдармен толықтай қамтамасыз етуге мүмкіндік береді | Бізге төменкөміртекті экономикаға жедел көшу қажет |
| Өңдеуші өнеркәсіп мамандануды тереңдетуге, өңірлік деңгейдегі бәсекеге қабілеттілікті арттыруға және экспортқа бағдарланатын болады | Отандық тауарлар бәсекеге қабілетті болуы тиіс | 2020 жылға қарай жел, күн энергиясының және биоэнергияның жиынтық үлесі өндірілетін электр энергияның жалпы көлемінің 3%-ына дейін жеткізілетін болады. |
| Ұзақ мерзімді перспективада экономикалық даму мен ғылымды қажетсінетін | Болашағы зор ұлттық кластерлер қалыптастыру жөнінде нақтылы Жол карталарын әзірлеу маңызды | Электр энергиясын өндіру кезінде көмірқышқыл газ шығарындылары 1 000 г/кВт·сағаттан 350 |

| | | |
|---|---|---|
| экономикаға көшу шамасына қарай Қазақстанның ІЖӨ құрылымында көрсетілетін қызметтер секторының үлесі айтарлықтай өседі. 2050 жылға қарай экономикадағы көрсетілетін қызметтер үлесі 70%-ға жуықтайды | | г/кВт сағатқа дейін азаятын болады. |
| Қазақстандағы көрсетілетін қызметтер секторы елдің дамуына қарай кеңейтіледі, жаңғыртылады және тереңдетіледі, ал еңбек ресурстары ауыл шаруашылығы мен басқа салалардан, олардағы өнімділігінің артуына қарай, көрсетілетін қызметтер секторына қайта бөлінетін болады. | 2050 жылға қарай еңбек өнімділігінің деңгейі жылына бір қызметкерге 24,5 мың АҚШ долларынан 126,5 мың долларға дейін бес есе ұлғаяды | 2050 жылға қарай генерациялаушы қуаттарды жаңғырту және электр энергиясын өндірудің жалпы көлеміндегі энергияның жаңартылатын және балама түрлерінің үлесін 50%-ға дейін арттыру. |
| Тұтынушыға түсетін ұзақ мерзімді жүктемені азайту үшін | Мұнай емес экспорттың үлесі 32%-дан 70%-ға дейін артады | Ұзақ мерзімді перспективада өнеркәсіптік кәсіпорындар шығарындыларының |

| | | |
|---|---|---|
| заманауи дәстүрлі технологиялар мен ЖЭК-ті дамытуды ескере отырып электр энергетикасын жоспарлау. | | стандарттары Еуропалық Одақ стандарттарына сәйкестендірілмек. |
| Ең жаңа технологиялық стандарттарға сәйкес отандық өндірістік активтерді толық жаңарту жүзеге асырылады. Бұған экспортқа бағдарланған шикізаттық емес секторларды кеңейтуге назар аудара отырып, мемлекеттік өнеркәсіптік саясатты іске асыру ықпал ететін болады. | Өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігін 2020 жылы 1,5 есе, 2025 жылы 2 есеге жоғарылату | |
| | Мұнай-газ секторындағы саясатты сектордың ұзақ мерзімді экспорттық әлеуетін сақтауға бағдарлау. Ол кірістілік пен мұнай-газ резервтерін өндіру мен пайдалану тәуекелдерінің, көмірсутегі ресурстарын | |

| | | |
|---|---|---|
| | сатудан түсетін кірістер мен инфрақұрылымды дамытуға қажетті инвестициялардың арасындағы теңгерімді айқындау негізінде құрылады. | |
| | 2050 жылға дейін мұнай ресурстарын өндіру мен экспорттаудың орнықтылығын қамтамасыз ету. | |
| | Елдің мұнай ресурстарын басқарудың тиімділігін арттыру жекешелік секторды шикізаттық емес және жоғары технологиялық жаңа өндіріс салаларына қайта бағдарлауды көтермелеуге мүмкіндік береді | |
| | Толық жарамды қосылған құн тізбегін құру, сондай-ақ мұнай-газ өндеу саласының экспорттық әлеуеті | |
| | Әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілетті жекеше өндірістік компанияларды | |

| | | |
|---|---|---|
| | дамыту үшін жағдайлар жасалады, оның ішінде қажетті инфрақұрылымды дамыту, сондай-ақ қосылған құны жоғары өнімді экспорттау үшін қолжетімділк пен экономикалық жағдайларды қамтамасыз ету арқылы жасау. Өңдеуші өнеркәсіптегі мемлекеттің қатысу дәрежесі төмендетіледі. | |
| | Өңдеуші өнеркәсіпті жедел дамытудың нәтижесінде ғылымды қажетсінетін экономикаға көшуді жүзеге асыру үшін технологиялық база қалыптастырылатын болады. | |
| | Өңдеуші өнеркәсіпті үдемелі дамыту жөніндегі шараларды іске асыру экономиканы әртараптандыруды ынталандыруға және өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға | |

| | | |
|---|---|---|
| | шоғырландырылатын мемлекеттік өнеркәсіптік саясат шеңберінде жүзеге асырылады. | |
| | | |

| Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары | | |
|---|---|---|
| - экономика қажеттіліктерін қанағаттандыратын өзіміздің көздерден энергия шығару 100%-ды құрайды;<br>- электр энергиясын өндірудегі газ электр станцияларының үлесі 20% құрайды;<br>- АЭС және Балқаш ЖЭС салынды және пайдалануға енгізілді;<br>- ядролық отын циклімен тігінен интеграцияланған компания құрылды;<br>- қолданыстағы генерациялайтын энергия қуаттары және таратушы энергия желілері реконструкцияланды және жаңғыртылды;<br>- Балқаш ЖЭС бірінші кезегінің құрылысы аяқталды. | -Бейнеу-Бозой-Шымкент газ құбыры елдің оңтүстік өңірін толығымен жылына 6 млрд.текше.м дейінгі көлемде газбен қамтамасыз етеді;<br>- отандық мұнай өңдеу зауыттары елдің отынға деген сұранысын толық қанағаттандырады;<br>- Ақмола және Қарағанды облыстарын газдандыру жүзеге асырылады;<br>- жалпы экспорт көлеміндегі шикізаттық емес экспорттың үлесі кемінде 45%-ды құрайды;<br>- шикізаттық емес экспорттың көлемі өңдеу өнеркәсібінің жиынтық өндірісінің кемінде 50%-ын | - электр энергиясын өндіруде баламалы көздердің (күн және жел) үлесі кемінде 3%-ды құрайды;<br>- энергияның баламалы көздерін пайдалану үлесі энергия тұтынудың жалпы көлемінде 3%-дан артық болады;<br>- электр энергетикасындағы көмірқышқыл газының шығарындылары 2012 жылғы деңгейге дейін төмендейтін болады. |

| | | |
|---|---|---|
| | құрайды;<br>- ІЖӨ құрылымындағы өңдеу өнеркәсібінің үлесі кемінде 13%-ды құрайды;<br>- өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі кем дегенде 2 есеге ұлғаяды;<br>- 2020 жылға қарай Қазақстан экономикасы нақты мәнде 2009 жылдың деңгейінің үштен бірінен жоғары өседі. | |
| | | |
| Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің стратегиялық бағыттары | | |
| 1-стратегиялық бағыт. Электр энергетикасы, көмір өнеркәсібі және атом энергиясын пайдалану саласын дамыту | 2-стратегиялық бағыт. Мұнай-газ және мұнай-газ химиясы салаларын дамыту | 3-стратегиялық бағыт. Қоршаған ортаның сапасын жақсарту |
| | | |

| Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің мақсаттары | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1.1-мақсат. Ел экономикасының электр энергиясына деген өсіп келе жатқан | 1.2-мақсат. Атом энергиясын қауіпсіз пайдалану және атом | 2.1-мақсат. Ел экономикасын отандық мұнай өнімдерімен | 2.2-мақсат. Ел экономикасының газға деген ішкі қажеттіліктерін | 2.3-<br>газ<br>энер<br>және<br>келі<br>жері |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| қажеттілігін және көмір өнеркәсібіндегі әлеуметтік міндеттемелерді үздіксіз қамтамасыз ету | энергетикасын дамыту үшін жағдайлар жасау | толық қамтамасыз ету | қамтамасыз ету | |
| | | | | |

| Бюджеттік бағдар | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 009 "Қарағандыкөмір" бұрынғы өндірістік бірлестігінің шахталары және көмір тіліктері қызметінің салдарын жою", 041 "Жылу-электр энергетикасын дамыту" және 042 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жылумен жабдықтау жүйелерін реконструкциялау және құрылыс үшін кредит беру", 043 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне "Нұрлы жер" | 036 "Атомдық және энергетикалық жобаларды дамыту" | | 003 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне газ тасымалдау жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері", 043 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне "Нұрлы жер" тұрғын үй құрылысы бағдарламасы шеңберінде инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және (немесе) жайластыруға берілетін | 040 "Мұнай-газ химиясы өнеркәсібін жә жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар жергілікті қам дамыту" |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| тұрғын үй құрылысы бағдарламасы шеңберінде инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және (немесе) жайластыруға берілетін нысаналы даму трансферттері" | | | нысаналы даму трансферттері" | |
| 001 "Энергетика, атом энергиясы, мұнай-газ және мұнай-химия е қызметті үйлестіру жөніндегі қызметтер", 101 "Өкілдік шығында 138 "Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруын қамтам | | | | |

## 5-бөлім. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар және нысаналы индикаторлар

| № р/н | Нысаналы индикатор | Жауапты | Ақпарат көздері | Өлшем бір |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1-стратегиялық бағыт. Электр энергетикасын, көмір өнеркәсібін | | | | |
| 1.1-мақсат. Ел экономикасының электр энергиясына деген өсіп әлеуметтік міндеттемелерді үздіксіз қамтамасыз ету | | | | |
| 1 | Электр энергиясын өндіру көлемі | Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр | "КЕГОК" АҚ деректері | млрд. кВт |
| 2 | ЖАО өтінімдеріне сәйкес үздіксіз электрмен жабдықтауға өңірлер қажеттіліктерінің қанағаттанушылығы* | Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр | ЖАО деректер | млрд. кВт |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3 | Көмір және лигнит өндіру көлемі | Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр | ведомств. деректер | млн. тонн |
| 4 | Бұрынғы "Қарағандыкөмір" өндірістік бірлестігінің шахталары және көмір тіліктері қызметінің зардаптары жойылғаннан кейін ЖАО-ға өткізілген жер учаскелерінің үлесі | Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр | ведомств. деректер | % |
| 5 | Көмір бойынша жер қойнауын пайдаланумен байланысты операцияларын өткізгенде жергілікті қамту үлесі | Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр | ведомств. деректер | % |
| | тауар бойынша | | | |
| | жұмыс, қызмет бойынша | | | |
| 6 | Электр энергетикасында еңбек өнімділігі | Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр | ведомств. деректер | млн. кВтч |
| 7 | Электрмен жабдықтау жүйесіне қосылу | Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр | ДБ есебі | DoingBusi рейтингін |
| 8 | Электрмен жабдықтау сапасы | Сұрақтар бойынша | ДЭФ ЖБҚИ есебі | ДЭФ ЖБҚИ рейтингін |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | жетекшілік ететін Вице-министр | | |
| 9 | ЖАО өтінімдеріне сәйкес тұрғындарды орталық жылумен жабдықтаумен қамтамасыз ету | Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр | ведомств. деректер | мың $м^3$ |
| *Бұл индикатор өтінім берген тиісті өңірлердің электрмен жаб | | | | |
| 1.2-мақсат. Атом энергиясын қауіпсіз пайдалану және атом энер | | | | |
| 10 | Уран өндіру көлемі | Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр | "Қазатомөнеркәсіп" АҚ деректері | тонна |
| 11 | Атом ғылымы мен техникасы саласында пайдалануға дайын ғылыми әзірлемелер үлесі | Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр | ведомств. деректер | % |
| 12 | Тексерілген радиациялық ластанған аумақтар деңгейі | Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр | ведомств. деректер | % |
| 13 | Уран өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі | Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр | "Қазатомөнеркәсіп" АҚ деректері | тонна/ада |
| 14 | Уран бойынша жер қойнауын пайдаланумен байланысты операцияларын өткізгенде | Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр | ведомств. деректер | % |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жергілікті қамту үлесі | | | |
| | тауар бойынша | | | |
| | жұмыс, қызмет бойынша | | | |
| 2-стратегиялық бағыт. Мұнай- газ және мұнай-газ химиясы салал | | | | |
| 2.1-мақсат. Елдің экономикасын отандық мұнай өнімдерімен толы | | | | |
| 15 | Мұнай өндіру көлемі | Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр | ведомств. деректер | млн. тонн |
| 16 | МӨЗ-да мұнай өңдеу көлемі | Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр | ведомств. деректер | млн. тонн |
| 17 | Ел экономикасының отандық мұнай өнімдеріне деген ішкі қажеттілігінің қамтамасыз етілуі, соның ішінде | Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр | ведомств. деректер | % |
| | бензин бойынша (октан санына тәуелсіз өндіру) | | | |
| | дизель отыны бойынша | | | |
| | авиакеросин бойынша | | | |
| 18 | Мұнай өңдеу өнімі экспортының құндық көлемі** | Жетекшілік ететін мәселелер жөніндегі вице-министр | статистикалық деректер | 2015 жылы |
| 19 | Мұнай өңдеу өнеркәсібінде нақты мағынада еңбек өнімділігі** | Жетекшілік ететін мәселелер жөніндегі | статистикалық деректер | 2015 жылы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | вице-министр | | |
| 20 | Мұнай өндеу өнеркәсіптің негізгі капиталына инвестициялар көлемі** | Жетекшілік ететін мәселелер жөніндегі вице-министр | статистикалық деректер | млрд. тең |
| *ҚР статистика комитетінің деректер базасы бойынша "ҚИДИ" АҚ- | | | | |
| **ИИДМБ-ның нысаналы индикаторлар | | | | |
| 2.2-мақсат. Елдің табиғи газға деген қажеттілігін қамтамасыз | | | | |
| 21 | Газ өндіру көлемі | Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр | ведомств. деректер | млрд.текш |
| 22 | Тауарлық газды өндіру көлемі | Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр | ведомств. деректер | млрд.текш |
| 23 | Тұрғындарды газдандыру деңгейі* | Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр | ведомств. деректер | % |
| 24 | Ілеспе және/ немесе табиғи газды кәдеге жарату | Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр | ведомств. деректер | % |
| 25 | Газ тасымалдау жүйесіндегі еңбек өнімділігі | Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр | ведомств. деректер | млрд.текш |
| *Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2.3-мақсат. Мұнай-газ химиясы өнеркәсібін дамыту және келісім | | | | |
| 26 | Мұнай-газ химиясы өнімін өндіру көлемі: | Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр | ведомств. деректер | мың. тонн |
| | жол битумы* | | | |
| | бензол, параксилол | | | |
| 27 | Мұнай-газ химиясы өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі | Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр | ведомств. деректер | мың. тонн |
| 28 | Мұнай газ химия өнімі экспортының құндық көлемі (полипропилен, метил-трет-бутил эфирі)** | Жетекшілік ететін мәселелер жөніндегі вице-министр | статистикалық деректер | мың долла<br>2015 жылы |
| 29 | Мұнай газ химия өнеркәсіптің негізгі капиталына инвестициялар көлемі** | Жетекшілік ететін мәселелер жөніндегі вице-министр | статистикалық деректер | млрд. тең |
| 30 | Жер қойнауын пайдаланумен байланысты мұнай операцияларын өткізгенде жергілікті қамту үлесі | Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр | ведомств. деректер | % |
| | тауар бойынша | | | |
| | жұмыс, қызмет бойынша | | | |
| *Өндіру мәлімделген қажеттілігіне байланысты* | | | | |
| ***ИИДМБ-ның нысаналы индикаторлар* | | | | |
| 3-стратегиялық бағыт. Қоршаған ортаның сапасын жақсарту | | | | |
| 3.1-мақсат. Қоршаған ортаға эмиссияларды азайту, жаңартылатын | | | | |
| 31 | Нормативті ластаушы заттардың көлемі: | Сұрақтар бойынша | ведомств. деректер | млн. тонна |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | - шығарындылар<br>- төгінділер | жетекшілік ететін Вице-министр | | |
| 32 | 1990 жылмен салыстырғанда парниктік газдар шығарындыларының шекті көлемі* | Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр | ведомств. деректер | % |
| 33 | Жаңартылатын энергия көздерімен өндірілетін электр энергиясының көлемі | Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр | ведомств. деректер | млрд. кВт |
| **Екі жылды артқа шегере отырып, есепті жыл ішіндегі деректер* | | | | |
| 3.2-мақсат. Табиғи ортаны қалпына келтіру және өндіріс пен тұ | | | | |
| 34 | Өндіріс қалдықтарының түзілуіне оларды өңдеу және кәдеге жарату үлесі | Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр | ведомств. деректер | % |
| 35 | Тұрмыстық қатты қалдықтардың түзілуіне оларды өңдеу және кәдеге жарату үлесі | Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр | ведомств. деректер | % |
| 36 | Иесіз қауіпті қалдықтарды басқару бойынша орындалған жұмыстың үлесі | Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр | ведомств. деректер | % |
| 37 | ЩБКА Қарасу көлінің су қоймасын тазалау және санациялау деңгейі | Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр | ведомств. деректер | % |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 38 | ЩБКА Щучье көлінің су қоймасын тазалау және санациялау деңгейі | Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр | ведомств. деректер | % |
| 39 | ЩБКА Бурабай көлінің су қоймасын тазалау және санациялау деңгейі | Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр | ведомств. деректер | % |
| 40 | Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ақпарат туралы халықтың хабардарлығы деңгейі | Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр | ведомств. деректер | % |
| 41 | Экологиялық ақпарат мемлекеттік қорына берілген "ҚР табиғи ресурстарының мемлекеттік кадастрлары" АЖ деректер қорының өзектендірілген объектілерінің үлесі | Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр | ведомств. деректер | % |
| 42 | Экологиялық ақпарат мемлекеттік қорына берілген "ҚР өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрлары" АЖ деректер қорының табиғат пайдаланушылары объектілерінің үлесі | Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр | ведомств. деректер | % |
| * *Көрсеткіштер ескі әдістеме есебіне сәйкес* | | | | |
| 3.3-мақсат. Гидрометеорологиялық және экологиялық мониторингт | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 43 | Республика аумағының мониторингпен қамтамасыз етілуі: | Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр | ведомств. деректер | % |
| | метеорологиялық | | | |
| | агрометеорологиялық | | | |
| | гидрологиялық | | | |
| | атмосфералық ауа ластануының жай-күйі туралы | | | |
| Дүниежүзілік Экономикалық Форумның Жаһандық бәсекеге қабілетт | | | | |
| 44 | Мемлекеттік органдар қабылдайтын шешімдердің ашықтығы | Жауапты хатшы | ДЭФ ЖБКИ есебі | ДЭФ ЖБКИ рейтингін |
| 45 | Саяси шешімдер қабылдаудағы фаворитизм | Жауапты хатшы | ДЭФ ЖБКИ есебі | ДЭФ ЖБКИ рейтингін |
| 46 | Саясаткерлерге әлеуметтік сенім | Жауапты хатшы | ДЭФ ЖБКИ есебі | ДЭФ ЖБКИ рейтингін |
| Мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту бойынша нысаналы ин | | | | |
| 47 | Әзірленіп жатқан МЖӘ жобалардың саны | Жетекшілік ететін мәселелер жөніндегі вице-министрлер | ведомств. деректер | дана |

## 6-бөлім. Ресурстар

| Ресурстар | Өлшем бірлігі | Есептік кезең 2016 жыл | Ағымдағы кезеңнің жоспары 2017 жыл | Жоспарлы |
|---|---|---|---|---|
| | | | | 2018 жыл |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| Қаржы: Барлығы: | мың теңге | 58 920 297,7 | 99 225 156 | **87 739 113** |
| *Соның ішінде:* | мың теңге | 58 920 297,7 | 99 225 156 | **87 739 113** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1.1-мақсат. Ел экономикасының электр энергиясына деген өсіп к қажеттілігін және көмір өнеркәсібіндегі әлеуметтік міндеттеме қамтамасыз ету | | | | |
| 009 "Қарағандыкөмір" бұрынғы өндірістік бірлестігінің шахталары және көмір тіліктері қызметінің салдарын жою" бюджеттік бағдарламасы | мың теңге | 1 086 155,4 | 1 675 170 | **1 503 650** |
| 041 "Жылу-электр энергетикасын дамыту" бюджеттік бағдарламасы | мың теңге | 35 008 960 | 61 164 370 | **43 557 155** |
| 042 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жылумен жабдықтау жүйелерін реконструкциялау және құрылыс үшін кредит беру" бюджеттік бағдарламасы | мың теңге | - | 5 559 671 | **2 288 677** |
| 043 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне "Нұрлы жер" тұрғын үй құрылысы бағдарламасы шеңберінде инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және (немесе) жайластыруға берілетін нысаналы даму трансферттері" бюджеттік бағдарламасы | мың теңге | - | - | **7 194 006** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1.1-мақсаты бойынша барлығы | мың теңге | 36 095 115,4 | 68 399 211 | **54 543 488** |
| 1.2-мақсат. Атом энергиясын қауіпсіз пайдалану және атом энер үшін жағдайлар жасау | | | | |
| 011 "Курчатов қаласында "Ядролық технологиялар паркі" технопаркін құру" бюджеттік бағдарламасы | мың теңге | | - | - |
| 036 "Атомдық және энергетикалық жобаларды дамыту" бюджеттік бағдарламасы | мың теңге | 4 761 941,4 | 3 277 205 | **2 923 095** |
| 1.2-мақсаты бойынша барлығы | мың теңге | 4 761 941,4 | 3 277 205 | **2 923 095** |
| 2.2-мақсат. Экономиканың табиғи газға деген қажеттілігін қамт | | | | |
| 003 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне газ тасымалдау жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері" бюджеттік бағдарламасы | мың теңге | 7 064 563,0 | 12 941 488 | **12 557 974** |
| 2.2-мақсаты бойынша барлығы | мың теңге | 7 064 563,0 | 12 941 488 | **12 557 974** |
| 2.3-мақсат. Мұнай-газ химиясы өнеркәсібін дамыту және келісім жергілікті қамту | | | | |
| 040 "Мұнай-газ химиясы өнеркәсібін және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардағы жергілікті қамтуды дамыту" бюджеттік бағдарламасы | мың теңге | 133 200,0 | 133 200 | 133 200 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2.3-мақсаты бойынша барлығы | мың теңге | 133 200,0 | 133 200 | 133 200 |
| 3.1-мақсат. Қоршаған ортаға эмиссияларды азайту, жаңартылатын дамыту және "жасыл экономикаға" көшу | | | | |
| 034 "Жасыл экономикаға" көшу жөніндегі тұжырымдаманы және "Жасыл көпір" серіктестік бағдарламасын іске асыру" бюджеттік бағдарламасы | мың теңге | 161 995,0 | 93 439 | - |
| 038 "Парниктік газдар шығарындыларын қысқарту" бюджеттік бағдарламасы | мың теңге | 137 403,0 | 137 150 | **139 972** |
| 3.1-мақсаты бойынша барлығы | мың. тенге | 299 398,0 | 230 589 | **139 972** |
| 3.2-мақсат. Тарихи ластануларды жою, табиғи ортаны қалпына ке пен тұтыну қалдықтарын басқару | | | | |
| 037 "Қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру және жақсарту" бюджеттік бағдарламасы | мың теңге | 310 047,9 | 3 934 171 | **5 125 991** |
| 3.2 мақсаты бойынша барлығы | мың. тенге | 310 047,9 | 3 934 171 | **5 125 991** |
| 3.3-мақсат. Гидрометеорологиялық және экологиялық мониторингт | | | | |
| 039 "Гидрометеорологиялық және экологиялық мониторингті дамыту" бюджеттік бағдарламасы | мың теңге | 5 718 125,0 | 5 742 451 | **5 757 922** |
| 3.3 мақсаты бойынша нәтиже | мың теңге | 5 718 125 | 5 742 451 | **5 757 922** |
| Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің мақсаттарға ресурстары | | | | |
| 001 "Энергетика, атом энергиясы, мұнай-газ | мың теңге | 4 537 907 | 4 566 841 | **6 557 471** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| және мұнай-химия өнеркәсібі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі қызметтер" бюджеттік бағдарламасы | | | | |
| Барлығы | мың теңге | 4 357 907 | 4 566 841 | **6 557 471** |
| Адами | | 984 | 997 | **997** |